

прессе, так и в самих учебниках и пособиях по педагогике. Как правило, под принципами понимали первоначало, исходное положение, руководящую идею, которой надо руководствоваться для организации деятельности учащихся и достижения целей обучения. И в этой связи каждый ученый, исследователь, специалист предлагал свой набор принципов. Единство взглядов на совокупность касалась принципов доступности, систематичности, преемственности, научности и т.д. Например, достижение прочности знаний всегда было задачей обучения. Деятельность учителя сводится к нулю, если ученик забывает то, чему его учат. Поэтому необходимость достижения прочности знаний становится одним из исходных положений, определяющим всю преподавательскую деятельность учителя. Ученик получает удовлетворение и одобрение учителя, если запоминает и усваивает учебный материал. И наоборот, учение становится нежелательным, тягостным для ученика, если он не может запомнить и усвоить то, чему учит учитель. Мыслительная деятельность ученика определяется необходимостью прочно запомнить и усвоить сообщенные знания. Так возникает принцип прочности обучения [1].

Эмпирический характер возникновения принципов обучения в свое время был оправданным и носил самодостаточный характер. В наше время эмпирический подход становится ограниченным и становится даже помехой.

Ключевые слова: сущность обучения, принципы обучения, педагогический процесс, групповой способ обучения, коллективные учебные занятия.

Information about authors:

Ekaterina Vasilyeva, Krasnoyarsk Regional Institute of continuous educational training courses of Educational Workers, Matrosova st. 19, Krasnoyarsk, Russian. E-mail: ekaterina2015@mail.ru

Bakytgul Abykanova, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, 1 Student Avenue, Atyrau, Kazakhstan. +7 (702)202-21-66. E-mail: bakytgul@list.ru

Gulmaidan Myrzagereikyzy, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, 1 Student Avenue, Atyrau, Kazakhstan. +7 (775)921-32-64. E-mail: gulmay_86@mail.ru

DOI 10.47649/vau.2020.v58.i3.08

FTAMP 14.15.15

ӨОЖ 37.013

А.С. Имангалиев¹, Г.С.Муканова²

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Атырау қ., Қазақстан Республикасы

valeology@icloud.com

²«Сенім» элитарлық мектеп - балабақша кешені

Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: gulmiram_70@mail.ru

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЭВОЛЮЦИЯ ҮДЕРІСІ

Мақалада жұмыста туындайтын қазіргі заманғы мәселелерді зерттеу нәтижелері көрсетілген. Көптеген ғалымдар мен мектептердің коммуникациялық модельдерінің эволюциясы процесі зерттелді, олардың даму тенденциясы анықталды, сонымен қатар қазіргі жағдайларға бейімделген байланыс моделі жасалды. Жаһандану жағдайында білім беру саласындағы өзгерістер,оның ішінде мектепті басқарудағы өзгерістер тәжірибемен бірге талданды. Мектеп мұғалімдерінің кәсіби өсуін қолдау жолдары мен әдістері туралы. Мектепті дамыту жоспарының жобасы ұсынылды. Бағалау ұғымы оқу процесінде қолданылды.

Мектепті басқаруда әлемдік тәжірибеге сүйене отырып,жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша мәселелерді шешу жолдары көрсетілген. Жаңа оқыту, мектептің дамуын эволюциялау қарастырылған.Әлеуетті арттыру, білім беру сапасын арттыру мәселелері ашылды.

Авторлар көшбасшылыққа тарту, педагогтардың біліктілігін арттыру тәжірибесімен бөліседі."Назарбаев Зияткерлік мектептері" Бурке-Литвиннің өзгерістер енгізу тәжірибесін, үлгілерін басшылыққа алады. "Lesson study" "тәлімгерлік"тәжірибелері зерделенді. Іс жүзінде, мұғалімдердің Талис сауалнамасының нәтижелері бойынша ұжымның даму жолдары көрсетілді. Коучинг арқылы мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру,зерттеулер жүргізілді. Дамыған

елдердің білім беру жүйесіндегі тенденциялардың бірі – білім беруді басқарудың тиімді жолдарын басшылыққа алынған. Мектепте және мектептер арасында желілік қоғамдастық құру-мұғалімнің кәсіби дамуын қамтамасыз ету моделінің бірі тәжірибеге енгізілген.

Негізгі сөздер: эвалюация, мектепті басқару, коучинг, тәлімгерлік, желілік қоғамдастық.

Заманауи мектептер оқытуда әлемдік білім беру теориясы мен оқыту мен басқару тәсілдері, Назарбаев зияткерлік мектептері, педагогикалық шеберлік орталықтары мен Кембридж университеті білім беру факультеті бағдарламасында көрсетілген тәжірибеге сүйенеді. Негізгі мақсат: бәсекеге қабілетті, өзі нақты шешім қабылдап, білім игеруге дайын мінсіз оқушы дайындау. «Ол үшін не істеу керек?» деген сұрақ туындайды. Мектептерге өзгеріс енгізу керек. Бұндай «Өзгеріс не үшін керек?» дегеннен шығады. «Нені өзгертеміз?», «Өзгерісті қалай енгіземіз?» деген заңды сұрақтармен жалғасады. Бұл сұрақтарға жауап табу үшін мектепте бірнеше жылдар тәжірибе жүргізіп, жақсы нәтижелерге қол жеткіздік. Бұл түптің түбінде сыпайы жауапкершілік пен бақылау және бөлінген көшбасшылық арқылы «Әлеуетті арттыруға» әкеледі. Әлеуетті арттыру – өлшенетін нәтижелерге қол жеткізу мақсатында өз қызметін табысты басқару үшін адамдардың кәсіби әлеуетін шыңдау және дамытуға қолдау көрсету және көмектесу.

Білім беруде жаңа терминдер енуде. Солардың бірі «эвалюация» ұғымы. Эвалюация/Evaluation - білім беруді ұйымдастырумен, оқу, тәрбиелеу және даму үдерістерімен байланысты жағдайларды, құбылыстарды және іс-әрекеттерді жүйелі зерттеу және бағалау.[1] Эвалюацияның 2 түрі болады: ішкі және сыртқы. Ішкі эвалюация – мектеп директоры педагогикалық ұжыммен ынтымақтастықта жүргізетін және мұғалімдердің тәжірибелік жұмыстарын қолдауға, кәсіби шыңдауға бағытталған. Мониторинг негізінде басшылық ету сапасын жүйелі түрде зерттеу және бағалау. Бұл - мұғалімнің қызметін біздерге үйреншікті қадағалау, бақылау емес. Ол - зерделеп, бағалау арқылы оның кәсіби дамуына көмек көрсету. Ашық сипатта жүргізіліп, салыстырмалы талдаулар қорытындысы негізінде ұжымның жұмысын жетілдіруге жағдай жасау. Эвалюация - мұғалімнің кәсіби даму деңгейін анықтау. Олардың дамуына қолдау көрсетуге бағытталған. [2]

Мектептегі өзгеріс енгізу жұмысын іске асыру мақсатында деңгейлік курсты аяқтаған мұғалімдер мен директор орынбасарларынан құрылған топпен жоспар құрылды. Жоспарды Блум таксономиясы негізінде құрып, іске кірістік, оңайдан қиынға - білетіннен түсінуге, түсінуден қолдануға, қолданудан жинақтауға, жинақтап алып саралауға, содан соң бағалауды жоспарладық. Мектепті эвалюациялауды Бурке-Литвиннің өзгеріс енгізу моделін басшылыққа алып, миссия мен стратегиялық жоспар құрылды.

Мұғалімдерден «Көшбасшы» деп аталатын шығармашылық топ құрылды. Деңгейлік курс аяқтаған мұғалімдердің өздері қалауларына бөлінген көшбасшы топ жетекшілері «Lesson Study», «Тәлімгерлік іс», «Іс-әрекеттегі зерттеу» топтары өздеріне берілген істерді терең зерттеп іске кірісті.

Жылына 1 рет сәуір-мамыр айларында проблемаларды анықтау мақсатында аудит жүргізіледі. Аудитке мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар қатыстырылады.

«...XXI ғасырда стратегиялық жоспарлау ең өзекті қағида болып саналады, егер ол өз бағыты мен баратын айлағын білмесе, ешқандай жел оңынан соқпайды» [3]

Жоспарлау – мектептің дамуын басқарудың басты құралы.

Жоспарлау- оқу-тәрбие үдерісінде біртіндеп еніп жатырған өзгерістің бірі.

Қызметі: мектептің дамуын, іс-әрекетін жоспарлау. Мұғалімнің орта және қысқа мерзімді жоспарлары. Аса жауапты және үлкен зерттеу жұмыстарын қажет ететін үдеріс-мектептің дамыту жоспарын дайындау. Бұндай үдеріс мұғалім қызметін бағалайды, яғни эвалюациялау жүйесі арқылы іске асырылады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) оқыту мен оқу саласындағы халықаралық зерттеуі (TALIS) мұғалімдер мен мектеп басшыларына білім беруді талдап, осы саладағы саясатты дамытуға үлес қосуға мүмкіндік береді. Бұл үдеріс Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында көрсетілген «Мен Қазақстанда ЭЫДҰ-ның бірқатар қағидаттары мен стандарттарын енгізу жөнінде міндет қойдылды.[4] Олар тұжырымдама жобасында көрініс тапқан» деген жолдарымен сәйкес келеді.

Мектеп ұжымының 80%-нан Таллис сауалнамасы алынды. Сауалнаманы алу мақсаты мен күтілетін нәтиже туралы педагогикалық кеңесте алдын-ала айтылып, мұғалімдерге болашақта мектепті дамыту жоспары жасалғанда олардың пікірі ескерілетіні туралы түсінік берілді.

Сауалнама деректерін сараптаған кезде жалпы ақпарат бөлімінен мектеп мұғалімдерінің көпшілігінің әйел адамдар екені (30-әйел) және жас мөлшері жағынан 35 пен 53 жастың аралығын қамтитындығы белгілі болды. Сонымен қатар көбінің тұрақты жұмыспен қамтылғандығы және жоғары білімді екендіктері көрінді. Мектеп мұғалімдері үшін жұмыс жасауға қолайлы орта. Таллис сауалнамасындағы 11;18;24 сұрақтарына жауап алынып, өңделді.

11- сұрақ: «Соңғы 18 айда төменде көрсетілген кәсіби даму түрлерінің қайсысына қатыстыңыз,және де алған біліміңіздің мұғалімдік тәжірибеңізге әсері болды ма?». TALIS сауалнамасының 18- сұрағы: «Кәсіби даму саласындағы өз қажеттіліктеріңізді ескере отырып,төменде көрсетілген салалардың қайсысында даму қажет деп санайсыз?»[5]

24 сұрақ: «Осы мектепте алған бағаңыз және/немесе кері байланысыңыз төмендегі салаларды қаншалықты өзгертті немесе өзгерістің орын алуына ықпал етті?» Кәсіби дамуға мектеп мұғалімдерінің 79 % «иә» деп жауап берген. 55% әсері орташа болса, 45% әсері, 0% әсері жоқ,0% әсері аз деген жауаптарды таңдаған. Бұдан мектепте даму жоспары бойынша болып жатқан коучинг, тренингтердің оң әсер еткен деп түсінуге болады.

Қорытынды жауаптар мониторинг арқылы сараланып талқыланды. Анықталған проблема келесі оқу жылының басымдығы ретінде алынып жыл бойына сол проблемамен жұмыс жасалды. Анықталған проблемалар мектептің даму жоспарының басымдықтары болып белгіленіп, соған байланысты іс-шаралар жоспары жасалды. Аудит жасау мектептің өзін-өзі эвалюация жасауы; ол мектептің өзгеріс енгізу бағыттары мен салаларын анықтайды. Аудит қорытындысы әріптестеріме білім беруде өзгерістердің қажет екені, өзін-өзі оқытатын мектеп керектігі, коучингтер мен тәлімгерліктің кәсіби дамуына ықпалы зор екендігі белгілі болды. Ата-аналар мен оқушылардан да сауалнамалар алынып, оқыту мен оқудағы қажеттіліктері ескеріле отырып, анықталған стратегиялық басымдықтар негізінде мектептің даму жоспары құрылды. Стратегиялық басымдықтар: бұл мектептің нақты қандай мектепке жататынын анықтауға көмектесті. Мектеп үдерісіне өзгеріс енгізуде оқушыны іс-әрекеттегі зерттеу, тізбектелген сабақтар топтамасы, Lesson study, рефлексия жасау сияқты педагогикалық әрекеттердің маңызы зор. Әрине, өзгерістердің бәрін бірден енгізу оңай емес екені белгілі, дегенмен, әріптестеріміз енгізілген өзгерістерді қолдағаны бізді қуантты. Оқыту мен оқу үдерісінде жаңа ұғымдарды қолдана

бастадық. Мектептің даму жоспары ол – оқыту мен тәрбие жұмысын жақсарту бағытында көптеген шаралар.

Мектептің даму жоспары негізгі бес бөлімнен тұрады: I. Оқыту мен оқу қызметі; II Ғылыми-әдістемелік қызмет; III Тәрбие қызметі; IV.Ата-аналармен жұмыс; V Әлеуметтік-психологиялық;

Мектептің даму жоспары бойынша айына бір рет коучинг-сессиялар өткізіледі. Коучинг және тәлімгерлік -эвалюациялауға жататын мектеп жұмысындағы жаңа үдеріс.

Коучинг – қарым-қатынас ұзақтығы белгіленген, нақты мәселелерді шешуге арналған үрдіс. Нақты дағдыны қалыптастыруға арналған қысқа мерзімді кездесулер. Оқыту семинарларының тақырыптары сұранысқа сәйкес келе бермейтіндіктен, мұғалімдерге әсері аз, тіпті мұғалімдердің кәсіби дамуларына септігін көп тигізе бермейді. Ал коучингте мұғалімдердің сұраныстарына қарай тақырыбы таңдалып өткізіледі. Ұжымда анықталған ортақ мәселелерді шешуде мұғалімдердің ортақ ұстанымдары қалыптасады. Оның өзі ұжымдық жұмыс пен бірлескен оқуды көтермелейді. Мектепте өткізілген коучингтерден кейінгі кері байланыстағы мұғалімдердің пікірінен өздерін толғандырып жүрген сұрақтарына топ мүшелерімен бірлесе отырып шешім табуы оларға жаңа серпіліс, өз істеріне деген сенімділіктерін нығайтқанын байқадық. Мұғалім өз ізденісінде жалғыз емес, әріптестерімен бірге екенін сезінді. Ортақ ұсыныстардың қабылдануы оларды орындаудағы жауапкершіліктерін күшейтті. Коучингте қабылданған ортақ ұсыныстарды орындауда мұғалімнің іс-тәжірибесіне өзгерістер ене бастады. Бұл жұмыстар ортақ проблемалар арқылы мектеп қабырғасында жүйелі жүргізілетіндігін ескерсек, бұның өзі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің үздіксіз өсуіне алып келеді деп ойлаймыз. Әрине, коучингтерді өткізуде үлкен шеберлік, жоғары кәсіби біліктілік қажет. Соған қарамастан бұл үрдістердің мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттырудағы ролі зор. Мектепте өткізілген коучингтерден кейінгі кері байланыстағы мұғалімдердің пікірінен өздерін толғандырып жүрген сұрақтарына топ мүшелерімен бірлесе отырып шешім табуы оларға жаңа серпіліс, өз істеріне деген сенімділіктерін нығайтқанын байқаймыз. Мұғалім өз ізденісінде жалғыз емес, әріптестерімен бірге екенін сезінді. Ортақ ұсыныстардың қабылдануы оларды орындаудағы жауапкершіліктерін күшейтті. Коучингте қабылданған ортақ ұсыныстарды орындауда мұғалімнің іс-тәжірибесіне өзгерістер ене бастады. Коучингке қатысқан мұғалімдер сабақтарына қатысып талдап, тақырып бойынша әдістердің қолданысына ұсыныстар беріліп отырды.

Бақылау мақсатында деңгейлік бағдарламаны оқыған бірнеше мұғалімнің сабақтарына қатыстық. Деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің оқытудағы іс-әрекеттерін, әдіс-тәсілдерін бақылау, жаңа технология пайдалануын қадағалау. «Қалай қолданды? Не мақсатпен қолданды? Нәтижесі қандай?» деген сұрақтарға жауап іздедік. Сабақтарына қатысқан мұғалімдердің бәрі өз сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана алып жүргендеріне көз жеткіздік, бірақ диалогтік оқытудағы түрткі сұрақтармен ғана шектелетіндіктерін байқалды. Сабақтарда сыни ойлауға жақсы дағдыланып келе жатқандықтары бізді қуантты, оқушылар өз ойларын еркін, нақты жауап бергендері мұғалімдердің сабақтарында сыни ойлауға дағдыландырып отыратындықтарының нәтижесі. Мақсаты: мұғалімдер қойылған сұрақтарға жауап іздеу арқылы кәсіби құзыреттерін шыңдау, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеру, оқыту тәжірибесіне тиімді қолдану. Коуч-мұғалімдер өткізген коучингтер тақырыптары бойынша өз әріптестерінің сабақтарына қатысып, ұсыныс-тілектерін беріп бағалау проформасы бойынша қорытындылап отырады Бағалау проформасы «Көшбасшылар» тобының бірлескен жұмыс нәтижесі.

Бағалау профформасы мектеп мұғалімдерінің рейтингісіне енгізіліп, мектеп бойынша мұғалімдер рейтингісі анықталып, оқу жылы соңында «Ең үздік мұғалім» номинациясы айқындалады. Мектепті жаңаша басқарудағы ерекшеліктің бірі мектеп ұжымында ынтымақтастық орта қалыптастыру, бірлесіп шешім табу.

Іс-әрекеттегі зерттеу – анықталған проблема бойынша бір мұғалімнің пән бойынша бір сыныптағы жүргізетін зерттеу нысаны. Іс-әрекеттегі зерттеу жүргізгенде қамтылатын мәселелер: зерттеу нысанын анықтау, тақырыпты таңдау және оны негіздеу, деректер жинау (сауалнама, сұхбат, сабаққа қатысу, т.б.), тәжірибеге өзгеріс енгізу (тізбектелген сабақтар топтамасы), деректерді талдау (сәтті және сәтсіз жақтары), нәтижені қорытындылау және жоспарлау бөлімдері бойынша өзгертуге болады. Бұл жұмыстар педагогтар өзара ынтымақтастықта жұмыс жасаған уақытта ғана нәтиже береді. Мектепке басшылық ету мынандай құралдарды негізге ала отырып жұмыс жүргіздік: педагогикалық менеджмент, озат тәжірибелер, маркетинг, рейтинг пен мониторинг, білім беру технологиялары.

Жобалау-жоспарлау, ұйымдастыру-үйлестіру, бақылау - сараптама жасау мектеп басқарудың негізгі функциялары.

Мектепте «Lesson Study» тобы әр бірлестікте жұмыс жасайды. «Lesson Study» – анықталған проблемаға сай, соны зерттеуге және жетілдіруге бағытталған педагогтар тобының бірлесіп жүргізетін зерттеу. Бұл зерттеу кезең-кезеңмен жүргізіледі. 1-кезең – оқыту сапасын қадағалау мақсатында мұғалімдер бірлесе отырып бір сабақтың жоспарын құрады, 2-кезең – оқу сапасын қадағалау үшін бірнеше сабақтың жоспарын жасақтап іске асыру. Бағалауға қамтылатын бөлімдер: проблеманы анықтау және негіздеу, үдерісті жоспарлау (бағалау және бақылау картасы, болжам жасау, сабақты жоспарлау), қадағалау, талқылау және жоспарлау (1-кезең, 2-кезең, 3-кезең...), қорытынды және нәтиже. Мектептегі әр бірлестікте проблемасына қарай Lesson Study топтары құрылып, оқушыларды зерттеу жұмыстарын жүргізіп, оң нәтижесін бере бастады. Мысалы мектеп бойынша ең төмен сапа көрсеткен сыныптар нысанаға алынып, әр оқушыны зерттей отырып, оқыту қажеттіліктері анықталады. Іс-әрекет қайта жоспарланады. Мысалы: Lesson Study тақырыбы: 6 «а» сынып оқушыларын диалогтік оқыту арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру». Зерттеу барысында мұғалімдер өзара ынтымақтастықта жұмыс жасап, сабақ кезінде оқушылардың оқыту мен оқудағы қажеттіліктерін анықтап, келесі сабақты бірігіп қайта жоспарлау арқылы нәтижеге жетті. «lesson study» тақырыбы «Топтық жұмыс арқылы 8-сынып оқушыларының белсенділігін арттыру» болатын. Мақсатымыз зерттеу арқылы оқушылардың білім сапасын, сабаққа белсенділігін көтеру. Зерттелген сыныптағы білім сапасы 44% дан 47% ға көтерілді, мұндағы С тобының бақыланған бір оқушы оқу екпіндісінің қатарынан көрінді. Бұл оқушының өзгеруіне «lesson study» зерттеуі әсер етті деп ойлаймыз. Сыныпта сабаққа дайындалып белсенді қатысатын оқушылар қатары көбейді. Оқушылар арасында сабақ үдерісінде бәсекелестік пайда бола бастады. «lesson study»-дің үш циклі аяқталғаннан кейін педагогикалық кеңесте қаралып қорытындыланды.

Мектепте және мектептер арасында желілік қоғамдастық құру - мұғалімнің кәсіби дамуын қамтамасыз ету моделінің бірі Мектеп ішінде және аймақтық жақын орналасқан мектептермен де желілік қоғамдастық тығыз байланыстамыз. Мектебіміздің желілік жоспарға сәйкес жұмыс жүргізіліп отырады. Мектеп мұғалімдері csm.kz порталына қосылып өз тәжірибелерімен бөлісіп отырады. Аталған интернет порталында бәріне ашық, қол жетімді «Бірлік» атты интернет

қоғамдастығымыз жұмыс жасайды. Мектеп басшысының басқару қызметі өзінің табиғатында шығармашылық іс. Басқарудың құндылықтары мен технологиясын меңгере отырып басшы-менеджер тұлғалық ерекшеліктері мен басқару объектісінің ерекшеліктеріне сай, ол құндылықтарды өзінше қайта жоспарлап, құрып, талдап түсіндіреді. Осылайша, педагогикалық жүйені басқару тұлғалық қабілеттерді іске асыратын және жұмсайтын сала. [6]

Мектепте тағы бір жаңалықтың нышаны - тәлімгерлік іс. Тәжірибелі мұғалім мен тәлім алушы арасындағы, тәлім алушыны кәсіби дамытуға бағытталған ұзақ мерзімді жүйелі қарым-қатынас үдерісі - тәлімгерлік. Бұл үдеріс ресми жағдайда да, бейресми жағдайда да мектеп өмірінде ағымды жұмыс жасап өз нәтижесін беруде. Мысалы мектебіміздің тәлім алушы мұғалімдеріміз қалалық, облыстық педагогикалық оқуларда, мұғалімдер арасындағы пәндік олимпиадаларда жүлдеге ие болғандары тәлімгерлерлік істің нәтижесі деп есептейміз. [7]

Бүгінгі күн талабына сай мектептерде эвалюация үдерісін тиімді әдіс ретінде ұсынамыз. Біздің мемлекетіміздің дамыған 30 елдің қатарына енуі ең бірінші білімді дамытуға байланысты десек, білім берудегі әлемдік тәжірибені кеңінен зерттеп эвалюациялау, мектепті басқару, тиімді көшбасшы болу маңызды.

References

- 1 Address of the president of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan "Kazakhstan's way-2050: common goal, common interests, common future" <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400002014>
- 2 instructions for the manager. AEO "Nazarbayev Intellectual Schools", Center for pedagogical excellence, 2013, p28.
- 3 Political Explanatory Dictionary. - Almaty, 2007, p 52.
- 4 kyzmet-gazeti.kz website
- 5 www.cpm.kz
- 6 Maksimov V. G. pedagogical diagnostics in school. Moscow 2002, p 130.
- 7 <https://uchebnikfree.com/sovremennogo-obrazovatel'nogo-metodologiya/evaluatsiya-obrazovaniya-54067.html>

ПРОЦЕСС ЭВАЛЮАЦИИ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

В статье показаны итоги проведенных исследований современных проблем, которые возникают в работе. Изучен процесс эвалюации коммуникационных моделей множества ученых и школ, выделена тенденция их развития, а также разработана модель коммуникации, которая является адаптированной к современным условиям.

В условиях глобализации были проанализированы изменения в сфере образования, в том числе изменения в управлении школой в сочетании с опытом. О путях и методах поддержки профессионального роста учителей школы. Был представлен проект плана развития школы. Понятие эвалюации использовалось в процессе обучения.

В управлении школой указаны пути решения проблем по обновленной образовательной программе, опираясь на мировую практику. Предусмотрено новое обучение, эвалюация развития школы.

Раскрыты вопросы повышения потенциала, повышения качества образования.

Авторы делятся опытом повышения квалификации педагогов, вовлечения в лидерство. «Назарбаев Интеллектуальные школы» руководствуются опытом, моделями внесения изменений в Бурке-Литве. Были изучены опыты «Lesson study», «Менторство», «Сообщество учителей». На практике, по результатам анкетирования Талис учителей, были показаны пути развития коллектива. Через Коучинг были проведены исследования, повышение профессиональной квалификации учителей. Мониторинг деятельности, методов и приемов учителей, прошедших уровеньный курс, мониторинг использования новых технологий.

Ключевые слова: эвалюация, управление школой, коучинг, наставничество, сетевое сообщество.

THE PROCESS OF EVALUATION IN MODERN EDUCATION

The article shows the results of studies of modern problems that arise in the work. The process of evolution of communication models of many scientists and schools was studied, the tendency of their development was highlighted, and a communication model was developed that is adapted to modern conditions. In the context of globalization, changes in education were analyzed, including changes in school management combined with experience. On ways and methods of supporting the professional growth of school teachers. A draft school development plan was presented. The concept of evaluation was used in the learning process.

The management of the school indicates ways to solve problems in the updated educational program, based on world practice. New training and evaluation of school development are provided.

The issues of increasing the potential and improving the quality of education are revealed.

The authors share their experience of teachers' professional development and involvement in leadership.

"Nazarbayev Intellectual schools" are guided by the experience and models of making changes in Burke-Lithuania. The experiments "Lesson study" and "Mentoring" were studied. In practice, according to the results of the survey of talismans, the ways of development of the team were shown. Through Coaching, research and professional development of teachers were conducted.

Keywords: evaluation, school management, coaching, mentoring, networking.

Information about authors:

Askhat Imangaliev, Professor, Doctor of Pedagogical Sciences, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan. e-mail: valeology@icloud.com

Gulmira Mukanova, master's degree in pedagogy psychology, Director of school Complex of elite kindergarten school "SENIM", Atyrau, Kazakhstan. e-mail: gulmiram_70@mail.ru

DOI 10.47649/vau.2020.v58.i3.09

МРНТИ 14.07.07

УДК 371.311

Е.Н. Васильева¹

¹Красноярский краевой институт повышения квалификации работников образования
г. Красноярск, Россия

E-mail: ekaterina2015@mail.ru

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ ГРАМОТНОСТЬ КАК РЕЗУЛЬТАТ ОСВОЕНИЯ УЧИТЕЛЕМ КОЛЛЕКТИВНОГО СПОСОБА ОБУЧЕНИЯ

«Перестройка образования – важный
компонент в решимости России изменить
свою социально-экономическую структуру
и свое международное положение.
Делать это постепенно за счет местных
усилий – дело бесперспективное».

П.Сеймур

В условиях наступившей другой эпохи проживания общества – эры 4-ой промышленной революции, отличительной от предшествующей, в которой как никогда востребован успешный в жизни человек, в которой зарождается Новая школа – возникает как необходимость, как потребность в другом учителе, учителе с иной профессиональной грамотностью, в т.ч. – технологической.

В современных условиях развития образования, когда перед педагогами ставится цель повышения качества образования важно правильно направить работу методического объединения учителей-предметников.